

“Izden” платформасына мақала жариялау талаптары

“Izden” платформасына жіберілетін әрбір мақала төмендегі талаптарға сәйкес болуы қажет:

- Мақала мазмұны шынайы, нақты және тексерілген ақпаратқа негізделуі тиіс.
- Материалдың тақырыбы анық ашылып, мазмұны жүйелі әрі логикалық түрде құрылуы керек.
- Жалған, дәлелденбеген немесе оқырманды жаңылыстыратын ақпараттың жариялануына жол берілмейді.
- Жарияланатын мақаланың тақырыбы, мазмұны және негізгі идеясы автор таңдаған санатқа (категорияға) толық сәйкес келуі тиіс.
- Басқа авторлардың еңбектерін көшіріп жариялауға немесе плагиатқа қатаң тыйым салынады.
- Мақалада орфографиялық, грамматикалық және тыныс белгілеріне қатысты қателер болмауы тиіс.
- Тақырыпқа қатысы жоқ артық ақпарат енгізілмеуі қажет.
- Автор пайдаланған ақпарат көздері сенімді болуы және қажет болған жағдайда көрсетілуі тиіс.
- Мақаланың тілі түсінікті, сауатты және оқырманға ыңғайлы болуы керек.
- Әдепсіз сөздер, кемсітуші немесе заңға қайшы мазмұндағы материалдар жарияланбайды.
- Жіберілген әрбір мақала редакция тарапынан тексеріледі.

Егер мақала талаптарға сәйкес келмесе, ол жариялауға қабылданбайды. Мұндай жағдайда авторға мақаладағы қателер мен түзетуді қажет ететін тұстар туралы хабарланады.

Автор барлық ескертулерді ескеріп, қателерді түзеткеннен кейін мақаласын қайтадан жіберуге құқылы. Қайта ұсынылған мақала редакциялық тексеруден қайта өтеді және талаптарға толық сәйкес келген жағдайда ғана жарияланады.

Редакция қажет болған жағдайда мақаланы өндеуді ұсынуға немесе жариялаудан бас тартуға құқылы.